

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

*2021 жылғы 1 қазандағы № ДС-286 сауалға*

**Құрметті депутаттар!**

Сіздің ауылдық елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз етуге қатысты сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

***Республикамыздың қалаларында жаңа көппәтерлі тұрғын үй кешендерін салудың ұлғаюына байланысты қуаттардың жетіспеуіне, авариялық жағдайдағы желілерге мониторингіне, сондай-ақ ауызсудың сапасына қатысты***

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, қызмет көрсетуші кәсіпорындардың нашар материалдық-техникалық жабдықталуы себебінен сумен жабдықтау желілерінің тозуымен, сондай-ақ сектордың төмен инвестициялық тартымдылығына байланысты бірқатар мәселелер бар.

Еліміздегі қолданыстағы су құбыры желілері 25-40 жыл бұрын іске қосылып, тотығу мен әк шөгінділерінің туындауына бейім келетін болат және шойын құбырларды қолдану арқылы салынған. Бұл өз кезегінде олардың тез тозуына, өткізу қабілетінің төмендеуіне, су жоғалуына және ауыз су сапасының нашарлауына алып келеді.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша статистикалық деректерге сәйкес, ел бойынша су құбыры желілерінің ұзындығы 85,1 мың км құрайды, оның ішінде 19,1 мың км ауыстыруды талап етеді.

Халыққа берілетін ауызсу сапасын жақсарту мақсатында жыл сайын сумен жабдықтау желілерін салу мен қатар тозған желілерді реконструкциялау жүргізілуде.

Ағымдағы жылы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуға және реконструкциялауға 151,4 млрд.теңге көзделген, оның ішінде: қалаларда - 77,3 млрд. теңге, ауылдарда - 74,1 млрд. теңге.

Бөлінген қаражат есебінен ағымдағы жылы 1,7 мың км сумен жабдықтау желілерін, оның ішінде ауылдарда 1,2 мың км реконструкциялау жүргізу жоспарланып отыр.

Бүгінгі күні топтық су құбырларының тозуы шамамен 73%-ды құрайды, олардың басым бөлігі Солтүстік Қазақстан облысына тиесілі.

2021 жылдың 1 жартыжылдығында республика бойынша санитариялық-химиялық көрсеткіштерге су құбыры суының 12 451 сынамасы зерттелді, оның 634-і немесе 5,1%-ы нормативтік талаптарға сәйкес келмеді.

Орташа республикалық көрсеткіштен артуы Ақмола – 18,8%, Батыс Қазақстан – 11,2%, Атырау – 8,1%, Павлодар – 7,4%, Ақтөбе – 6,5%, Қызылорда облыстарында – 5,5% және Нұр-Сұлтан қаласында – 8,0% екені анықталды.

Микробиологиялық көрсеткіштерге барлығы 14 560 су сынамасы зерттелді, оның ішінде 374 (2,6%) санитариялық нормаларға сәйкес келмейді.

Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша республикалық көрсеткіштің артуы Қызылорда – 10,0%, Павлодар – 6,0%, Ақмола – 5,8%, Ақтөбе – 4,7%, Батыс Қазақстан – 4,2%, Жамбыл – 3,9%, Алматы – 3,6% және Түркістан облыстарында – 3,0% екені байқалады.

Аталған мәселелердің себептерінің бірі ескірген сумен жабдықтау жүйелері болып табылады, оны шешу үшін сумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау жөніндегі жоғарыда аталған іс-шаралар шеңберінде іске асырылатын болады.

Осылайша, сапалы сумен жабдықтау қызметтерін көрсету мәселесі жоспарланған тәртіппен шешілетін болады.

Бұдан басқа, бақылау сенімділігін арттыру мақсатында, нормативтік талаптардан ауытқу тәуекелдерін ескерту және су сапасының кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында, қызмет көрсетуші мекемелердің сынақ зертханаларында жыл сайын, ауызсудың су құбыры мен тұтынушылардың таратушы желілеріне түсуі алдында су көзін қоса алғанда бақылау нүктелерінде жыл сайын талдау жүргізіледі.

### ***Өңірлерде тұтылатын суға арналған тарифтерге қатысты***

Табиғи монополия субъектісінің тарифіне енгізілетін шығындарды реттеу тарифте ескерілетін шығындардың түрлері мен мөлшерлерін олардың экономикалық негізділігін ескере отырып шектеу жолымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте, тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесі Тарифтерді қалыптастыру қағидаларымен регламенттелген.

Уәкілетті орган басым бағыттары жоқ табиғи монополиялар субъектілерінің жекелеген шығыстарын оңтайландыру, сондай-ақ тиісті өтінімдерді беру кезінде тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың жобасын талдау жолымен тарифтерді негізсіз арттыруға жол бермеу жөніндегі жұмыстарды тұрақты негізде жүргізеді.

Сондай-ақ инвестициялық бағдарламаларды іске асыру шеңберінде сумен жабдықтаудың реттелетін қызметтерін сапалы ұсыну үшін желілердегі негізгі құралдардың тозуын және ысыраптарды азайту мақсатында желілер мен объектілерді салуға, жаңғыртуға, жаңартуға басымдық беріледі.

***Жерасты тұщы су көздерін анықтау үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізуге қатысты***

2012-2020 жылдары жоспарланған 3 206 ауылдың 2 762-інің (86%) маңында іздестіру-барлау жұмыстары жүргізілді, оның ішінде 2 641 ауылдық елді мекенде (96%) жерасты тұщы су қоры расталды.

Бұдан басқа, жоспарланған 180 жерасты су кен орнының ішінен 2011 – 2020 жылдары қалалар мен ірі елді мекендері үшін су қорын қайта бағалау үшін қайта барлау бойынша жұмыстар жүргізіліп, 163 жерасты су кен орны (91%) бойынша су қоры қайта бекітілді.

Сондай-ақ, орталық сумен жабдықтау жүйесін салу жоспарланған 85 ауылда су көзі расталмаған.

Осыған байланысты, ЖАО-ға аталған ауылдар үшін 2023 жылдан кешіктірмей іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы тиісті тапсырмалар берілді.

Елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі Үкіметтің тұрақты бақылауында және Қазақстан Республикасының 2025 жылы ұлттық даму жоспарына сәйкес халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне 100% қол жеткізуін қамтамасыз ету жоспарлануда.

**Р. Скляр**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

На № ДС-286 от 1 октября 2021 года

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев ваш запрос касательно обеспечения питьевой водой жителей сельских населенных пунктов, сообщаю следующее.

***Касательно нехватки мощностей из-за увеличения застройки новых многоквартирных жилых комплексов в городах республики, мониторинга сетей, находящихся в аварийном состоянии, а также качества питьевой воды***

Несмотря на проводимые работы по развитию систем водоснабжения и водоотведения имеется ряд проблем, связанных с изношенностью сетей водоснабжения ввиду слабой материально-технической оснащенности эксплуатирующих предприятий, а также низкой инвестиционной привлекательности сектора.

Существующая водопроводная сеть по стране введена в эксплуатацию более 25 - 40 лет назад в основном с применением стальных и чугунных труб, которые наиболее подвержены коррозии и образованиям известковых отложений, что приводит к их быстрому износу, снижению пропускной способности, высоким потерям и ухудшению качества питьевой воды.

По состоянию на 1 января 2021 года, согласно статистическим данным, по стране протяженность водопроводных сетей составляет 85,1 тыс. км, в том числе 19,1 тыс. км требуют замены.

В целях улучшения качества подачи питьевой воды населению ежегодно параллельно со строительством ведется реконструкция изношенных сетей водоснабжения.

В текущем году на строительство и реконструкцию систем водоснабжения и водоотведения предусмотрено 151,4 млрд. тенге, в том числе: в городах – 77,3 млрд. тенге, в селах – 74,1 млрд. тенге.

За счет выделенных средств в текущем году планируется провести реконструкцию 1,7 тыс. км сетей водоснабжения, в том числе в селах 1,2 тыс. км.

На сегодняшний день износ групповых водоводов составляет порядка 73%, из них большая часть приходится на Северо-Казахстанскую область.

За 1-е полугодие 2021 года по республике на санитарно-химические показатели были исследованы 12 451 пробы водопроводной воды, из них не соответствовали нормативным требованиям 634 или 5,1%.

Превышения среднереспубликанского показателя были выявлены в Акмолинской – 18,8%, Западно-Казахстанской – 11,2%, Атырауской – 8,1%, Павлодарской – 7,4%, Актюбинской – 6,5%, Кызылординской - 5,5% областях и г. Нур-Султан – 8,0%.

На микробиологические показатели исследовано всего 14 560 проб воды, из них не соответствует санитарным нормам 374 (2,6%).

По микробиологическим показателям превышение республиканского показателя отмечают в Кызылординской - 10,0%, Павлодарской – 6,0%, Акмолинской – 5,8%, Актюбинской – 4,7%, Западно-Казахстанской – 4,2%, Жамбылской – 3,9%, Алматинской – 3,6% и Туркестанской – 3,0% областях.

Одной из причин данных проблем являются устаревшие системы водоснабжения, решение которой будет осуществлено вышеуказанными мерами по реконструкцию систем водоснабжения.

Таким образом, в плановом порядке будет решаться вопрос предоставления качественных услуг водоснабжения.

Кроме того, в целях повышения надежности контроля, предупреждения рисков отклонения нормативных требований и обеспечения гарантий качества воды, испытательными лабораториями эксплуатирующих предприятий ежегодно проводятся анализы в точках контроля, включая водоисточник, питьевую воду перед поступлением в водопроводную сеть и разводящей сети у потребителей.

### ***Касательно тарифов на потребляемую воду в регионах***

Регулирование затрат, включаемых в тариф субъекта естественной монополий осуществляется путем ограничения видов и размеров затрат, учитываемых в тарифе, с учетом их экономической обоснованности.

При этом, перечень затрат, учитываемых и не учитываемых в тарифе, регламентированы Правилами формирования тарифов.

Уполномоченным органом на постоянной основе ведутся работы по недопущению необоснованного завышения тарифов путем оптимизации отдельных расходов субъектов естественных монополий, не имеющих приоритетных направлений, а также анализа проекта тарифных смет и инвестиционных программ при предоставлении соответствующих заявок.

Также в рамках реализации инвестиционных программ приоритет отдается на строительство, модернизацию, обновление сетей и объектов в целях снижения износа основных средств и потерь на сетях, для качественного предоставления регулируемых услуг водоснабжения.

***Касательно проведения геологоразведочных работ для выявления подземных источников пресной воды***

За 2012 – 2020 годы из 3 206 запланированных сел, поисково-разведочные работы проведены вблизи 2 762 сел (86%), из которых только в 2 641 сельском населенном пункте (96%) подтверждено наличие запасов подземных пресных вод.

Кроме того, из 180 месторождений, запланированных к разведке с 2011 по 2020 годы для переоценки запасов для городов и крупных населенных пунктов, проведены работы по доразведке и переутверждены запасы по 163 месторождениям подземных вод (91%).

Также, в 85 селах, где планируется строительство центрального водоснабжения отсутствует подтверждение источников питьевой воды.

В этой связи местные исполнительные органы рассматривают необходимость проведения поисково-разведочных работ для данных сел не позднее 2023 года.

Вопросы обеспечения населенных пунктов качественной питьевой водой находятся на постоянном контроле Правительства и согласно Национальному плану развития Республики Казахстан в 2025 году планируется обеспечить 100% доступ населения к услугам водоснабжения.

**Р. Скляр**

Мейрембеков К.А.  
75-00-33